

**Косшыголова Алия Сериковнаның**  
**6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы**  
**(PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Студенттердің оку әрекетін өзіндік**  
**ұйымдастыруын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары»**  
**тақырыбындағы диссертациясына**

**РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТИҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);  2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)  3) <u>Диссертация Казақстан Республикасының</u> Укіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация тақырыбы мемлекеттік бағдарламалардың басым бағыттарына сәйкес келеді. Себебі Қазақстан Республикасының жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасында университеттердің миссиясы ретінде студенттер тұлғасын тұтас дамыту және өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі ұйымдастыру, әлеуметтік тәжірибе мен әлеуметтік жауапкершілікті игеру үшін онтайлы жағдайларды қамтамасыз ету, қоғамның жаңа сұраныстары мен студенттердің қажеттіліктеріне сәйкес келетін тәрбие жұмысының дәстүрлі формаларын, тәсілдері мен әдістерін жаңарту және олардың жаңа түрлерін әзірлеу қажеттілігі танылды.</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасының Укіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.</p> <p>Докторанттың «Студенттердің оку әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары» деп аталған диссертация тақырыбы болашак мамандардың кәсіби маңызды қасиеттерін дамытудың маңызды мәселесін барынша өзектендіреді.</p>
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады/коспайды</u> , ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Косшыголова Алияның жұмысы педагогика және психология ғылымына едәуір үлес қосып, оның маңыздылығын сенімді түрде аша білген. Біріншіден, диссидент ғылыми еңбектерге талдау жасау негізінде университеттің білім

			<p>беру процесінде студенттердің оку әрекетін өзіндік үйымдастыруының мәнін, құрылымы және мазмұнын ашып көрсетуімен; екіншіден, студенттердің оку әрекетін өзіндік үйымдастыруын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтап, оны теориялық тұрғыда негіздел, апробациядан өткізуімен; үшіншіден, студенттердің оку әрекетін өзіндік үйымдастыруын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін құруымен; төртіншіден, оны дамыту бағдарламасын әзірлең, тәжірибелік сынақтан өткізуімен елеулі үлес қосқан.</p>
3	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>жоғары</u>;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаған</li> </ol>	<p>Косшыгурова Алияның диссертациясы өз бетінше дербес түсінікті ғылыми тілмен жазылған зерттеу жұмысы. Докторант ғылыми мәліметтерді ғылымилық, жүйелілік принциптерін сактай отырып ұсына білген. Диссертация мазмұны құрылымдық талаптарға сай ішкі бірлікті үйлестіре отырып жоғары деңгейде жазылған. Атап айтсақ:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Зерттелетін мәселенің даму дәрежесі анықталған, соның нәтижесінде зерттеудің негізгі категорияларының мәні салыстырмалы аспектіде нақтыланған;</li> <li>2. Университеттік білім беру мазмұнын талдау контекстінде болашақ мамандардың тұлғалық және кәсіби қалыптасуының детерминанттары алғаш рет білім беру сапасын және болашақ мамандардың оку әрекетін өзіндік үйымдастыруын дамытуға қажетті икемді дағдыларын (soft skills) қалыптастыру тұрғысынан ашылған.</li> <li>3. Диссиденттің күндылық-мотивациялық, когнитивті-рефлексивтік, аффективті-еріктік және әрекеттік компоненттер жүйесі ретінде студенттердің оку әрекетін өзіндік үйымдастыруын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін дербес әзірлең, сынақтан өткізген.</li> <li>4. Диагностикалық күралдарды, цифрлық технологияларды қолдана отырып, оку әрекетін өзіндік үйымдастыруын дамытудың инновациялық бағдарламасын қамтитын</li> </ol>

			студенттердің оку әрекетін өзіндік үйымдастыруын дамыту бойынша мақсатты әрекет жүйесі жетілдірлген. Дербестіліктің жоғары деңгейі ізденушінің жүргізген зерттеуіндегі жарияланымдардың көпшілігінде алғашқы авторы болғандығымен дәлелденді.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігі Қазақстан Республикасының жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы сияқты құжаттарға және ғалымдардың аталған мәселеге қатысты зерттеу жұмыстарына талдау жасай отырып, негізделген. Бұл кәсіби-оку іс-әрекетінің сәттілігі үшін және тұлғаның өзіндік әрекетін тиімді үйымдастыруын қамтамасыз ету үшін өмір бойы қажет. Ғылым тарапынан аталған мәселеге аса зер салудың жоғары деңгейі мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламаларды жүзеге асыруға арналған әмбебап күзыреттер жиынтығымен университеттің белсенді, үйымшыл тұлектер буынына деген әлеуметтік тапсырыспен түсіндіріледі. Зерттеу тақырыбының өзектілігі қазіргі заманның сын-қатерлері мен тәуекелдерін (коронавирус пандемиясы, аралас оқытуға көшу және т.б.) ескере отырып, оку әрекетін өзіндік үйымдастыруын дамытудың психологиялық және педагогикалық шарттарын жетілдіру және қамтамасыз ету қажеттілігімен байланысты.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындаиды 1) <u>айқындаиды</u> ; 2) жартылай айқындаиды; 3) айқындаамайды	Диссертацияның мазмұны берілген тақырыпты толығымен айқындаиды. Диссертацияның үш белімі студенттердің оку әрекетін өзіндік үйымдастыруын дамыту мәселесін ғылыми-теориялық талдаудан бастап эмпирикалық зерттеудің нәтижесіне дейін автордың тұжырымдамасын сенімді және дәйекті түрде ашады. Бірінші белімде «Студенттердің оку әрекетін өзіндік үйымдастыруын дамытудың теориялық негіздері» талданады (16-54б.): студенттердің оку

әрекетін өзіндік үйымдастыру үғымының мәні мен құрылымы; студенттердің оқу әрекетін өзіндік үйымдастыруын дамытудың әдіснамалық тұғырлары; аралас оқыту жағдайында студенттердің оқу әрекетін өзіндік үйымдастыруының ерекшеліктері қарастырылады.

Екінші бөлім «Студенттердің оқу әрекетін өзіндік үйымдастыруын дамыту моделі» (55-916.): студенттердің оқу әрекетін өзіндік үйымдастыруын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарының кешені мен құрылымдық-мазмұндық моделінің орындылығын ашады.

Ушінші бөлімде «Студенттердің оқу әрекетін өзіндік үйымдастыруын дамытуға бағыталған тәжірибелік-эксперименттік жұмыс» (92-1316.) эксперименттік зерттеудің нәтижелері көрсетілген: студенттердің оқу әрекетін өзіндік үйымдастыруын дамытуды эмпирикалық бағалау (тұрақтандыру эксперимент) және құрылымдық-мазмұндық модельді (қалыптастыруыш эксперимент) жүзеге асыру арқылы студенттердің оқу әрекетін өзіндік үйымдастыруды дамытудың эксперименттік бағдарламасы тәжірибеден өткізіледі.

4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:

- 1) сәйкес келеді;
- 2) жартылай сәйкес келеді;
- 3) сәйкес келмейді

Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді, дәйекті және логикалық өзара байланысты, ғылыми жұмысты жүзеге асыруда шешуші мәнге ие. Диссертацияның мақсаты студенттердің оқу әрекетін өзіндік үйымдастыруын дамытуды теориялық негіздеуге және оның бағдарламасын әзірлеу, тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеруге бағытталған.

Автор анықтаған мақсат студенттердің оқу әрекетін өзіндік үйымдастыруын дамытудың теориялық негіздерін айқындау барысында «студенттердің оқу әрекетін өзіндік үйымдастыру» үғымының мәнін нақтылауымен, мазмұнын, студенттердің тұлғалық және кәсіби қалыптасу құрылымын ашып көрсетуімен; студенттердің оқу

		<p>әрекетін өзіндік үйімдастыруын дамытудың тиімділігін арттыруға ықпал ететін психологиялық-педагогикалық шарттарды негіздеуімен, әр түрлі оқыту формалары арқылы студенттердің оқу әрекетін өзіндік үйімдастыруын дамытудың кезеңдері, компоненттері, даму деңгейлері мен критерийлері анықталған студенттердің оқу әрекетін өзіндік үйімдастыруын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің әзірленуімен, оның тиімділігінің тексерілгендейтін дәйектелген зерттеу міндеттерін объективті түрде шешумен сәйкес келеді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>тольк байланысқан;</u></li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жок</li> </ol>	<p>Диссертацияның бөлімдері мен құрылышы және қол жеткізген нәтижелері толық әрі бірізді өзара байланысқан. Материалды ұсынудың айқын және жүйелі логикасы, студенттердің оқу әрекетін өзіндік үйімдастыруын дамыту бойынша өзекті мәселенің жаңа шешімімен байланысты. Зерттеу нәтижелері болжамның дұрыстығын дәлелдеп, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге бағытталған. Зерттеудің дәлелді базасы аталған мәселенің алға қойылған міндеттерінің негізділігі мен ішкі тұтастырылған жағында айтуда мүмкіндік береді.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сыни талдау бар;</u></li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>Гылыми-зерттеу жұмысын құруға байланысты ұсыныстарды диссидент А.Косшыгулованың нақты орындауы, психологиялық-педагогикалық дәлелдемелердің қеңінен қолдануы ерекше назар аударуға лайық. Эксперименттік сипаттау логикасы мен материалды талдау талаптарын сақтауы зерттеу нәтижелерін рәсімдеуде психологиялық-педагогикалық зерттеулер саласындағы дәстүрлі және салыстырмалы түрде жаңа әдістерді кешенді қолдануына ықпал етеді. Студенттердің оқу әрекетін өзіндік үйімдастыруын дамыту мәселесін зерттеген ғалымдардың еңбектеріне <u>сыни талдау жасайды</u> отырып, өзіндік тұжырымдар мен қорытындыларды әзірлеу барысында автордың өзіндік ойлары орын алған.</p> <p>Авторлық тұргыдан зерттеу</p>

			<p>проблемасының педагогикалық анықтауымен, оларды теориялық тұжырымдармен дәлелдеуімен айқындалады.</p>	психологиялық-шарттарын
5	Фылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Фылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Оқытудың жаңа форматтарын анықтайтын трансформациялар мен қауіптердің қазіргі жағдайындағы оку әрекетін өзіндік үйімдастыру саналылықты, өзін-өзі басқаруды және жауапкершілікті арттыру қажеттілігін көрсетеді. Сондықтан. А.Косшыгурова осы жұмыста жеткілікті түрде зерттелмеген мәселелерді шешудің өзіндік жолын ұсынады. Докторанттың зерттеу барысында алынған нәтижелері мен қорытындылары <i>толығымен жаңа</i> болып табылады. Докторант алғаш рет: «студенттердің оку әрекетін өзіндік үйімдастыру» үгымын нақтылап, оның кәсіби дайындықтағы маңыздылығын, сонымен қатар оқыту форматын өзгерту кезіндегі трансформация мүмкіндігін ескере отырып, тұлғалық-әрекеттік, жүйелік тәсілдеме негізінде авторлық анықтама берді (1-бөлім, 1.1-параграф, 306.); студенттердің оку әрекетін өзіндік үйімдастыруын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасап, сынақтан өткізді (2-бөлім, 2.3-параграф., 766.); диагностикалық құралдарды, инновациялық бағдарламаны қамтитын студенттердің оку әрекетін өзіндік үйімдастыруын дамыту бағдарламасының тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жолмен дәлелденді (3-бөлім, 3.3-параграф). Демек, ұсынылған шешімдер дәлелденген және бағаланған.</p>	шарттарын
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның фылыми нәтижелері мен ережелерге сәйкес қорытындылары <i>толығымен жаңа</i> болып табылады. Эр тұжырымның мазмұны қойылған міндеттерді шешудің фылыми ізденісімен ғана емес, сонымен қатар диссертациялық зерттеуді шешуге автордың жеке ұстанымымен де анықталады.</p> <p>Зерттеу қорытындыларының жаңалығы зерттеудің теориялық-әдіснамалық маңыздылығымен қатар практикалық</p>	

			құндылығын да қамтиды
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Технологиялық және басқару шешімдерінің мәні жаңа және дәлелденген болып табылады. Оған студенттердің оку әрекетін өзіндік үйымдастыруын дамытудың сыналған құрылымдық-мазмұндық моделіне сәйкес (элементтер, функциялар, компоненттер, көрсеткіштер, өлшемдер мен деңгейлер), диагностикалық зерттеуді үйымдастырудың белгіленген жоғары дәрежесі, өзін-өзі үйымдастырудың даму деңгейлері туралы эмпирикалық тәсілмен алынған мәліметтер комбинациясы авторлық болып табылатын цифрлық технологияларды колдана отырып жүргізілген психологиялық-педагогикалық эксперимент дәлел бола алады.
6	Негізгі корытындылардың негізділігі	Барлық корытындылар ғылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Автордың барлық негізгі тұжырымдары ғылыми тұрғыдан барынша маңызды дәлелдерге негізделген. Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі зерттеу мәселесі бойынша отандық, шетелдік әдебиеттерде берілген ұғымдарға салыстырмалы талдауды колдана отырып, тұлғалық-әрекеттік, жүйелік тәсілдемелердің негізінде «студенттердің оку әрекетін өзіндік үйымдастыру» ұғымына авторлық анықтама беруімен қамтамасыз етіледі. Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі білім беру бағдарламаларының мазмұнына студенттердің оку әрекетін өзіндік үйымдастыруын дамытуға бағытталған пәндерді енгізу; материалды терендептіп зерделеуге бағытталған дәрісханадан тыс өзіндік жұмысты үйымдастыру; студенттерді оқытушымен бірлескен оку әрекетін үйымдастыру, бақылау және өзін-өзі бақылау бағыттындағы іс-әрекеттерге жұмылдыру; студенттердің оку әрекетін өзіндік үйымдастыруын дамытуға бағытталған оқытуудың формалары мен әдістерін интеграциялау; студенттердің оку әрекетіне қатысты субъективті ұстанымының негізі ретінде рефлексияны дамыту сияқты педагогикалық шарттарды; өзін-өзі үйымдастыру және өзін-өзі жетілдіру

			<p>мотивациясын дамыту; өзін-өзі ерікті реттеу және өзін-өзі бақылау дағдыларын жетілдіру; стресске тәзімділікті дамыту; мақсат қою, уақытты жоспарлау және түзету дағдыларын дамыту сиякты психологиялық шарттарды анықтауымен қамтамасыз етілген.</p> <p>Үшінші ғылыми нәтижениң негізділігі зерттеу логикасымен және оку әрекетін өзіндік ұйымдастырудың құрылымына, принциптеріне, деңгейлері мен даму кезеңдеріне сәйкес анықталатын студенттердің оку әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытуудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасаумен байланысты.</p> <p>Төртінші ғылыми нәтижениң негізділігі студенттердің оку әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамыту мақсатында әзірленген арнайы бағдарлама мен диагностикалық құралдардың тиімділігін дәлелдейтін эксперименттік деректермен расталады.</p>
7	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>дәлелденді</u>;</li> <li>2) шамамен дәлелденді;</li> <li>3) шамамен дәлелденбеді;</li> <li>4) дәлелденбеді</li> </ol> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) <u>жок</u></li> </ol> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>ия</u>;</li> <li>2) жок</li> </ol> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) тар;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) <u>кен</u></li> </ol> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>ия</u>;</li> <li>2) жок</li> </ol>	<p>Диссертант А.Косшыгулова диссертациялық жұмысы бойынша 4 қағида ұсынған:</p> <p>1 қағида – <u>дәлелденген</u>, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кен.</p> <p>Ұсынылған авторлық анықтама «Студенттердің оку әрекетін өзіндік ұйымдастыруы – бұл оку әрекетін тиімді ұйымдастыруды және оны оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі формаларында (құндізгі, қашықтықтан, аралас) жүзеге асыруды қамтамасыз ететін құндылықты-мотивациялық, когнитивті-рефлексивтік, аффективті-еріктік, әрекеттік компоненттерінің тұтастығын білдіретін тұлғаның интегративтік қасиеті. Авторлық анықтама өзін-өзі ұйымдастырудың заманауи тұжырымдамалары мен ұқсас құбылыстардың категориялық талдауына негізделген және студенттердің оку әрекетін өзіндік ұйымдастыру мазмұны мен оны дамыту процесін интеграциялық түрғыда түсінуге бағытталған.</p> <p>2 қағида – <u>дәлелденген</u>, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кен. Студенттердің оку әрекетін өзіндік</p>

			<p>ұйымдастыруды дамытудың күрілымдық-мазмұндық моделінің белгіленген блоктары жоғары дәрежедегі дәлдікпен оның функционалдылығын ашады: мақсаттық (қазіргі заманың сын-қатерлері мен білім беруді цифрландыру жағдайында өзіндік ұйымдастыруға дайындық); мазмұндық (өзіндік ұйымдастыру компоненттерінің көрсеткіштері); процедуралық (принциптер, әдістер, шарттар, жұмыс кезеңдері); нәтижелік (даму деңгейлері мен нәтижесі).</p> <p>3-қагида – жаңашылдырының дәрежесі жоғары, дәлелденген, оның <u>бейтритиалдылығы</u> қазіргі заманың болмысын ескере отырып, COVID-19 пандемиясы кезеңінде онлайн оқытуға көшу; оқытудың аралас формасы жағдайында іс-әрекетті трансформациялау қажеттілігі түрғысынан психологиялық-педагогикалық шарттарды жетілдірумен негізделеді. Психологиялық және педагогикалық шарттардың толық кешені жұмыс барысында жүзеге асырылды. Қолдану деңгейі – кең.</p> <p>4 қагида – дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең. Студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың инновациялық бағдарламасы, жетілдірілген диагностикалық құралдар және қазіргі психологиялық-педагогикалық шарттардың кешені ескерілген барлық іс-әрекет жүйесі студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамыту процесін жандандырады.</p> <p>Диссертацияның негізгі қагидалары 8 мақалада жарық көрген. А.Косшыгулованың зерттеу нәтижелері әр деңгейлі конференцияларда баяндалған.</p>
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған акпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жок	Докторант диссертациялық жұмысты зерттеуге қажетті жүйелік, іс-әрекеттік, субъектілік, құзыреттілік, синергетикалық әдіснамалық тұғырларды таңdap алғып, оны негіздей білген. Сонымен қатар, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі басқару тұжырымдамалары,

		<p>студенттердің оку әрекетінің іргелі теориялары толық ашылған. Нормативтік күжаттарды талдау үшін жүйелі-талдамалық әдіс қолданылған.</p>
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері жұмыс мазмұнын аштындағы әдістерді қолдана отырып алынды. Теориялық: психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау; диагностикалық: психологиялық диагностикалық әдістемелер кешені: студенттердің оку мотивациясын диагностикалау әдістемесі (А.А.Реан және В.А.Якунин, түрлендірген Н.Ц.Бадмаева); «Магыналы өмірлік бағдарлар» тесті (МӨБ әдістемесі) Д.А.Леонтьев; ЕӨБ тест-саулнамасы (ерікті өзін-өзі бақылау) А.В.Зверьков және Е.В.Эйдман «Ерікті өзін-өзі реттеуді зерттеу»; Т.А.Немчиннің жүйек-психикалық ширығу шкаласы (ЖПШ саулнамасы); Дж.Роттердің бақылау локусының шкаласы негізінде жеке тұлғаның (Е.Ф.Бажин, Е.А.Голынкин және А.М.Эткинд) СБД (субъективті бақылау деңгейі) тест-саулнамасы; рефлексивтілік деңгейін анықтау әдістемесі (А.В.Карпов, В.В.Пономарева); «Мінез-құлықтың өзін-өзі реттеу стилі – МӨРС» саулнамасы (В.И. Моросанова). Алынған деректерді жүйелеу және математикалық-статистикалық өндөу Манн-Уитнидің U өлшемдерін, SPSS бағдарламасын қолдана отырып жүргізіледі.</p>
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	<p>Теориялық тұжырымдар, студенттердің оку әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің тиімділігі, диссертант анықтаған өзара байланыстар мен зандылықтар эксперименталды түрде дәлелденді және расталды.</p> <p>Анықтаушы эксперименттің негізінде диссертант 1-2 курс студенттерінің 80%-ы тәмен (жағдаяттық-интуитивтік) деңгейде екендігін анықтады, ал 3-4 курсқа қарай студенттердің 13%-ы ғана оку әрекетін өзіндік ұйымдастырудың жоғары (шығармашылық) деңгейіне жетеді. Алынған нәтижелер өзін-өзі реттеудің және оку еңбегін ұтымды</p>

		<p>ұйымдастырудың төмен мотивациясын көрсетті; студенттердің өзін оқу әрекетінің субъектісі ретінде толық сезінбеуі; өзінің оқу әрекеттерін бағалауда өзін әлсіз сезінуі және сыншыл еместігі; өзінің оқу әрекетінің жеке тәжірибесі рефлексиясының эпизодтық көрінісі; тұлғаны бақылаудың сыртқы локусы; нәтижелер үшін жауапкершіліктің төмен деңгейі анықталған. Сонымен қатар оқу әрекетін тиімді ұйымдастыру туралы білім мен түсініктердің жеткіліксіздігі анықталды.</p> <p>Қалыптастыруши эксперименттің нәтижелері студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамыту бағдарламасының тиімділігін анықтап, нәтижесінде диссертанттың зерттеу болжамын растанды.</p> <p>Күндылық-мотивациялық, когнитивті-рефлексивтік, аффективті-еріктік және әрекеттік компоненттеріне сай студенттердің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыру деңгейінің жоғарылауын көрсететін нәтижелер анықталды; бақылау тобымен салыстырғанда эксперименттік топ студенттерінің оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруының дамуы орын алды. Бұл нәтижелер математикалық-статистикалық әдістері арқылы дәлелденді. Психологиялық-педагогикалық шарттарды ескере келе және мақсатқа сай жұмыс формаларын, әдістері мен құралдарын қолдана отырып, студенттердің тұлғалық интеграциялық қасиеті ретінде оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамытуға болады.</p>
8.4	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	<p>Маңызды мәлімдемелер</p> <p>А.В.Смирновтың «Учебная самоорганизация как фактор развития познавательной мотивации студентов технического вуза», Я.О. Устинованың «Формирование умений самоорганизации и самоконтроля учебной деятельности у студентов вузов» және т.б. ғалымдардың аталған мәселелеге қатысты нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы расталған.</p>

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған 264 әдебиет тізімі зерттеу мәселесін сарапау мен шолуга жеткілікті.
9	Практикалық күндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>иля</u> ; 2) жок	A.Косшыгулованың диссертациялық жұмысы жоғары білім беруді жетілдіру процесіне және қазіргі заманның тәуекелдерін ескере отырып, білім беру процесін психологиялық-педагогикалық қамтамасыз етуге елеулі үлес қосатындықтан <u>теориялық маңызы</u> бар еңбек болып табылады. Себебі нақтыланған «Студенттердің оку әрекетін өзіндік үйымдастыру» ұғымы; оны дамытудың мәні, құрылымы және мазмұны; студенттердің оку әрекетін өзіндік үйымдастыруын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары; құрылымдық-мазмұндық моделі жоғары білім берудің теориясын толықтыруға мүмкіндік береді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иля</u> ; 2) жок	Алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану ықтималдылығы жоғары, ейткені «Студенттердің оку әрекетін өзіндік үйымдастыруын дамыту бағдарламасын» оқытушылар, педагог-психологтар жоғары оку орнында оқытудың барлық кезеңдерінде қолдана алады. Сонымен қатар, алынған зерттеу нәтижелері келесі реттегілер үшін ерекше мәнге ие: 1. Мамандардың күзыретіне қойылатын заманауи талаптарды ескере отырып, білім беру бағдарламалары мен оку курстарын әзірлеу; 2. Қазақстандық жоғары оку орындарының білім беру ортасын жобалау және зерттеу үшін әдістемелік қамтамасыз ету; 3. Студенттердің оку әрекетін өзіндік үйымдастыруын дамытудың тренингтік дамытушы және түзету бағдарламаларын құру; 4. Студенттердің оку әрекетін өзіндік үйымдастыруын дамытуға бағытталған мобиЛЬДІ цифрлық қосымшаларды жетілдіру.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	Зерттеу жұмысы аясында практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады, себебі студенттердің оку әрекетін өзіндік үйымдастыруының даму деңгейін анықтау бойынша

		3) жана емес (25% кем жана болып табылады)	диагностикалық құралдардың авторлық жиынтығы алғаш рет құрылды және сыналды, онлайн және аралас оқыту жағдайларында студенттердің оку әрекетін өзіндік үйымдастыруын дамыту бағдарламасы әзірленді және сыналды, студенттердің өзіндік жұмысы әдістемелік қамтамасыз етілді.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан тәмен; 4) тәмен.	A. Косшыгулованың диссертациясы жоғары академиялық ғылыми стилімен, ақпаратты ұсынудың логикалық реттілігімен, қорытындылардың негізділігімен, тілдік сауаттылығымен ерекшеленеді.

**Шешім:** Зерттеудің өзектілігі, ғылыми жаңалығын және алынған нәтижелердің практикалық маңыздылығын ескере отырып, Косшыгурова Алия Сериковнаның 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Студенттердің оку әрекетін өзіндік үйымдастыруын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған және КР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеттің талаптары мен «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарға сәйкес келетіндіктен философия докторы (PhD) дәрежесі алуға лайықты деп санаймын.

**Ресми рецензент,**

М.Х. Дулати атындағы Тараз өнірлік университеттің  
Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.

К.Б.Сматова

